

**"Қазіргі заманғы сот төрелігінің проблемалары" атты халықаралық конференцияға қатысатын шетелдік соттар, судьялар қоғамдастығы мен халықаралық ұйымдар өкілдерінің шығыстарына қаражат бөлу туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 26 маусымдағы N 172-ө  
Өкімі

2006 жылғы 27 - 29 маусымда Щучинск қаласында "Қазіргі заманғы сот төрелігінің проблемалары" атты халықаралық конференцияның өткізілуіне байланысты:

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі шетелдік соттар, судьялар қоғамдастығы мен халықаралық ұйымдар өкілдерінің 2006 жылғы 29 маусым - 1 шілдеде Астана қаласында қонақ үйде тұруына және Астана - Алматы бағыты бойынша көліктік шығыстарына Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотына 20 жылға арналған республикалық бюджетте 006 "Өкілдік шығындар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен 1408965 (бір миллион төрт жүз сегіз мың тоғыз жүз алпыс бес) теңге сомасында қаражат бөлсін.

*Премьер-Министр*